

Жақсылықтың жаршысы болсын!

Жаңа

Өмір



аймақтық қоғамдық - саяси танымдық газеті

«Жаңа Өмір» аймақтық қоғамдық - саяси танымдық газеті 2025 жылдың 25 ақпан айынан шыға бастады

Жаңа Өмір

janaomir2025kz

2025 жыл / 7 наурыз / Жұма / №2 (2)

8 НАУРЫЗ-ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ!



Дала төсіндегі еңбекқор ана

Түйе шаруашылығында еңбек етіп жүрген қарапайым қазақ әйелінің еңбегі зор.

Қазақ даласы ежелден еңбекқор, төзімді әйелдерімен танылған. Олар тұрмыс пен еңбекті қатар алып жүріп, отбасының ұйытқысы, ұлттың тірегі бола білді. Солардың бірі Көлқамыс ауылының тұрғыны, түйе шаруашылығында ұзақ жылдар бойы маңдай терін төгіп жүрген Оралбике Мырзағалиева.

Оралбике апай 1959 жылы 27 мамырда Қостанай облысы, Федоровка ауданы, Тоғыззақ стансасында дүниеге келген. Мектепті аяқтағаннан кейін, жоғары білім алуға мүмкіндігі болмай

– тағдыр оны ерте тұрмысқа жетеледі. «Алып қашып кетті ғой» деп күле еске алатын сол күндерден бері бір шаңырақтың отын түтетіп, екі ұл, үш қыз тәрбиелеп өсірді.

«1994 жылдан бері отбасы мүшелерімен бірге «Сыма – К» шаруа қожалығының қарамағында еңбек етіп келемін. Шаруашылықтағы түйелерді бағып, сүтін сауып отырамын. Қазір қожалықтағы түйе саны шамамен 140-150 бас. Бірақ жыл сайын ауысып отырғандықтан, нақты санын дөп басып айту қиын. Түйе малы аса көп күтімді қажет етпейтін, қасиетті жануар. Түйе – табиғаттың ерекше жаратылысы. Ол шөлге төзімді, азықты көп қажет етпейді және жыл он екі

ай бойы сауылады. Бұл – басқа ешбір мал түріне тән емес артықшылық. Шұбат – қазақтың шипалы сусыны. Түйе сүтінің пайдасы ұшан-теңіз. Одан дайындалатын шұбат – дәрумендерге бай, адам ағзасына өте пайдалы сусын. Оның жасалу жолдары да аса қиын емес. Бұл процесті бие сауу мен қымыз ашытумен салыстырсақ, шұбат жасаудың бейнеті қымыздай көп емес. Көп жылдық еңбегіме мемлекет тарапынан үлкен марапаттар берілмесе де, аудандық ауыл шаруашылығы күніне орай грамота алдым. Бірақ былтырғы су тасқыны кезінде ол да жоғалып кетті. Қайда қалғанын білмеймін. Ең басты жетістігім – адал еңбегім мен өсірген балаларым және немерелерім.

Шаруашылықтағы 15-16 үйдің бәрінде әйелдер бар. Олар да мен сияқты түйе бағып, сүтін сауып, ауылдың ауыр шаруасын арқалап жүрген жандар», - дейді кейіпкеріміз.

Оралбике апай – қазақ әйелінің төзімділігі мен еңбекқорлығының жарқын үлгісі. Ол шаңырағының берекесін сақтап, ауыл шаруашылығының өркендеуіне өз үлесін қосып жүрген нағыз шаруа анасы. Наурыз айында келетін 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай, дәл осындай аналарымыздың еңбегін дәріптеу – біздің міндетіміз.

Тоғжан АБДУАЛИЕВА

А.Байтұрсынұлы атындағы
ҚӨУ-нің журналистика
мамандығының 4 курс студенті
Жангелдин ауданы

сурет мақала кейіпкерінің
мұрағатынан алынған

Нұрхан ақынның
мұралары



2 БЕТТЕ

Қатерлі ісікке
шипа бар



3 БЕТТЕ

Өмірдің
тауқыметін
көрген



7 БЕТТЕ

Береке мен
бірліктің айы



8-9 БЕТТЕ

Халқымыздың рухани байлығы ауыз әдебиетінің ғасырлар бойы өркендеген тамыры тым тереңде жатыр, қайнар көзі қашаннан халықпен бірге жасасып келеді. Ұлы ғалым, тіл білімінің білгірі Ахаң (Ахмет Байтұрсынов) «Әдебиет танытқыш» оқулығында: «Ауыз шығарманы (арнайы әдебиетті) ауыз сөз деп қана атап, жазба шығарманы (сыпайы әдебиетті) есебінде деп танулар бар. Бірақ, асыл сөздің бәрі де тілдегі әдебиет есебінде жүреді», - деп жазып, халықтың ауыз әдебиетін «Асыл сөзге» балаған. (Ахмет Байтұрсынов «Ақ жол», «Жалын» 1999 жыл.

Қазақ халқының әдебиет саласының қай түрі болмасын ХХ ғасырда жаңа белестерге көтеріліп, ұлттық нақыштар сомдала түсті. Елімізде болып өткен түрлі тарихи өзгерістерге орай дамып жаңғырып отырды. Төңкерісшіл кезең, аласапыран жылдардағы Ахаң жетекшілік еткен «Қазақ» газеті халық өмірінің сан алуан көкейтесті мәселелерін көтеруге қатар, рухани байлығымыз болған әдебиетімізді дамытуға басшы болды, елді өнер білімге үндеді. Ғасыр басында дүниеге келген «Айқап» журналы да халықтың қоғамдық және ағартушылық ой-пікірін жетілдіріп, мәдениеті мен әдебиетін насихаттап, тілін ұштартуда көп іс тындырды. Екі басылымда да халықтың ауыз әдебиеті үлгілері тұрақты жарық көріп тұрады. Осы кезең қазақ тілінде кітаптар да көптеп шығады. Солардың ішінде қазақтың ауыз әдебиетінің үлгілері: «Қобыланды батыр», «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан», «Біржан сал мен Сара қыздың айтысы», «Мың бір мақал» сынды үздік нұсқалары көпшілік оқырмандар қолына тиеді. Абай Құнанбаевтың өлеңдер жинағы, Ахмет Байтұрсыновтың «Қырық мысалы» мен «Масасы», Міржақып Дулатовтың «Оян, қазағы» басылып шығып, қазақ әдебиетінің жедел өркендеуіне үлкен ықпал етеді. Әрине, бұрыннан қазақтар арасында кең тараған Шығыс әдебиетінің үлгілері: хисса, дастандар да бұл кезең жеке-жеке кітап болып шыға бастаған-ды.

Ғасыр басында озық ауыз әдебиеті үлгілерін – фольклорды жинақтау, оны тану жолында күрделі ізденістері, жұмыстар жүргізіледі. Бұл істе өшпес іс тындырып, мол мұра қалдырған В.Радловтың, Г.Потаниннің, Ш.Уәлихановтың, Ы.Алтынсариннің, Ә.Диваевтің мол мұрасы мен ғылыми еңбектерін арнайы атау ләзім. Ахмет Байтұрсынов болса, ауыз әдебиеті түрлерін жіктеп, сан алуан фольклорлық шығармаларды топтап, саралауға, мүмкіндік беретін сауықтама зауықтама, сарындама, салтнама, ғұрыпнама, қалыпнама дегендей терминдер шығарды. Том-том ауыз әдебиеті үлгілері жинақталды, олар зерттеліп, елдің игілігіне, рухани байлығына айналуға.

Көп томды «Қазақ әдебиетінің тарихында» халықтың ауыз әдебиеті жанрларының даму тарихын баяндауға арнаулы бөлім берілген. Қазақ Кеңесхалық поэзиясы көшбасшылары Жамбыл Жабаев, Нұрпейіс Байғанин, Иса Байзақовтар сынды ақындардың өмірі мен шығармашылығына талдау жасалған арнайы бөлімдер берілген («Қазақ әдебиетінің тарихы» I том II кітабы). Солардың қатарында біз ХХ ғасыр халық ақындары шығармалары контекстіндегі әдеби мұрасын сөз еткелі отырған Нұрхан Ахметбеков те бар.

Қазақтың халық поэзиясын дамытуға үлкен үлес қосқан ақын Нұрхан Ахметбековтың жырлары мен дастандарын соғыстан кейінгі жылдары торғайлықтар мен көрші облыстың тұрғындары ойын-тойларда жиі жырлаған. Осы орайда Торғайдың топжарғаны атанған Нұрхан Ахметбековтың туғанына 80


жыл толуына орай жазылған «Аты – аңызда, өлеңі – ауызда» деп аталатын естелігінде Сырбай Мәуленов былай деп жазады: «... Шынында да Нұрхан өлеңі халықтың жүрегіне құйылатын нәрлі өлеңдер еді. Ақынның аузынан төгілген табиғи өлеңдер төңіректі түгел шарппып, заматында аттылы жолаушыға ілесіп аймаққа дүрілдеп тарай жөнелетін. Содан да оның көп өлеңдерін, дастандарын тыңдаушы халықтық деп қабылдайтын...» («Торғай таңы» 9 тамыз, 1983 жыл).

Нұрхан Ахметбековтың халық поэзиясын дамытуға қосқан үлесін сыншы ғалым Есмағанбет Ысмайылов «Ақындар» атты кітабында арнайы атап өтеді. Е.Ысмайылов 1946 жылы халық ақындарынан өзінің өмірі, ақындық қызметі, шабыттанар сәті туралы анкеталық сұрақтарға жауаптар алады. Сонда, ғалымның ақындық шабыт туралы сауалына Нұрхан былай деп жауап қайырады: «... Суырып салып айту үшін қызба, шаттық көңіл керек. Өте қуанышты, қызғылықты мәжілісте халықтың ынта қойып тыңдауына қарай суырып айтып кете аламын. Немесе, бір адамға қатты кейіп қалсам, сол адамды өлеңмен қатты жерлеп, сипаттап тастаймын. Онда да өлең қолайлы шығып кетеді. Ал, енді біреудің өтінішімен айтқан бірлі-жарым суырып салма онша жақсы бола бермейді».

Сол тұстағы барша халық ақындары сынды Нұрхан ақын да күн көсемге өлеңарнады, партияны жырлады. 1958 жылы, желтоқсан айында, Мәскеуде қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігі өтеді. Онкүндікке қатынасушы республика мәдениеті мен өнер қызметкерлері қатарында ақын Нұрхан Ахметбеков те болады. «Известия» газетінің сол жылғы 12 желтоқсан күнгі санында Нұрханның «Бастаушымыз партия» атты өлеңі басылды. Өлеңді орыс тіліне аударған ақын Павел Дружинин көрінеді. Партияның бас газеті «Правда» болса сол жылғы 14 желтоқсандағы санында: «Мәскеу тұрғындарының Қазақстанның халық ақыны Н.Ахметбековты жылы қабылдағанын» жазады. Басында дөңгелек бөрік, үстіне қазақша шапан киіп, қолына домбыра ұстап түскен газет қыындысы ақынның мұражай-пәтерінде сақтаулы. Бұл сол онкүндік күндері «Литературная газетаның» бірінші бетінде «Ақын әндері» деген атпен шыққан Н.Ахметбековтың суреті. Суреттің астында Қазақстанда Нұрхан ақынның әнін естіп, дастандарын оқымаған жандардың сиректігі мақтанышпен аталады. Бұл сөздің дәлеліндей ақын халық ауыз әдебиетінің сан-салалы жанрлары: жыр-толғаулар шығарып, орындау да үні бар, дастандар жазуда шабыттты, суырып салма айтыста арқалы талант, орындаушылық өнері ауқымды жан екенін танытады. Журналист-жазушы Сапабек Әсіпов Н.Ахметбековтың шығармашылығынан кандидаттық диссертация қорғады: «...Нұрхан Ахметбеков қазақ әдебиеті тарихынан елеулі орын алған, ауыз әдебиетін тану ғылымы үшін шығармалары құнды, шығармашылығының тұздығы татымды ақын болғандығын дәлелдейді».

Жоғарыда сөз болған көп томды «Қазақ әдебиеті тарихының» ауыз әдебиеті сөз еткен «Айтыс», «Халықтық дастандар», «Ақындық толғаулар» атты тарауларында да Нұрхан ақынның шығармашылығына жоғары баға беріліп, құнды пікірлер айтылады. Кітаптың «1916 жыл туралы поэзия» бөлімінде көтеріліс тақырыбына жазылған шығармалар ішінде жақсы жазылған туынды ретінде бағаланады. Ақынның халық ауыз әдебиеті дәстүрлерін творчестволықпен дамытып, жазба әдебиетіне тән кейбір сипаттарды игергені арнайы атап өтілген.

Нұрхан Ахметбековтың қысқаша өмір деректері мен шығармалары туралы анықтама Қазақ Совет энциклопедиясының бірінші томында беріліп, 612 бетінде суреті басылған.



Анықтамада Нұрханды халық ақыны, импровизатор деп атаған.

Ақын Нұрхан Ахметбековтың әдеби мұрасы ел әдебиеті тарихынан елеулі орын алады. Әсіресе, ауыз әдебиетінің жазба әдебиетімен жалғасатынын ғылыми тұрғыдан тануда ақын шығармашылығы барынша бағалы дүниелер екені анық.

Ақын мұрасы: шуақты жыр, көлемді дастан, екпінді толғау, алаулы айтыс шумақтары егемен ел игілігіне айналып отыр. Топжарған ақынның терме, толғаулары, өлең-жырлары көлемді дастандары халық аузында жиі айтылады. Нұрхан аты әсіресе, арқалы ақынның жолын қуған бүгінгі ізбасарлары, талантты інілерінің шығармашылығымен айшықталуда. Нұрхан дәстүрін алға апарушылар туралы сөз қозғала қалғанда Ахметхан Әбіқаев туралы айтпай өту мүмкін емес. Нұрхан мен Ахметхан түйедей құрдас бірге өскен достар болған. Ахметханның әкесі Әбіқай Нұртазин елге танымал ақын. Нұрхан Әбіқайды ұстаз санап, одан бата алған. Әбіқайдың Ахметханы да суырып салма ақын, дүлдүл жырау, күйші, өнерпаз болған. Колхоз-совхоз халық театрында Нұрханмен қызметтес болған. Нұрхан Ахметхан досы туралы:

Жұлделі жүйрік тұлпарым,
Суылдай аққан аспаннан.
Жыр жиынын басқарған,
Бүгелектеп қорғалай,
Ер емес жаннан жасқынған...

(Н.Ахметбековтың Торғайдағы пәтер-мұражай қорынан). Ахметхан өнерпаз Нұрханнан кейін дүние салды. Өле-өлгенше Нұрхан мұрасын жырлап өтті, насихаттай білген.

Ақын аға мұрасын көзі тірісінде кеңінен насихаттауда Сырбай, Ғафу еңбегі зор болды. Нұрханның айтыскерлік өнерін үздік жалғастырушы Қазақстанның халық ақыны Қонысбай Әбілев Нұрхан атасы туралы кереметтей ән де шығарады.

«Ел іші – өнер кеніші». Бұл қанатты сөздің дұрыстығын күнделікті өмірімізде дәлелденіп келеді. Асқақ дарын, сан қырлы талант иесі Нұрханның ақындығымен қатар, күйшілігі, тамаша әншілігі, Арқа жырауларына тән өзіндік мақамы, сапаны түсіне білетін байқампаздығы – жалпы өнердің сан саласын жете меңгерген жан болған. Нұрхан «1916 жыл», «Жеңіс» атты күйлер шығарып, орындап жүрген. Ахмет Байтұрсыновтың «Арман» атты күйін дәулескер күйші Сағын Жалмышевқа үйретіп, ел күйтабаққа түсірген болатын. А.Байтұрсыновтың «Арман» атты күйі ақын аға арқасында ұмытылып, жоғалудан аман қалды. Бұл күндері Нұрхан жырларын шебер орындайтын Бөлтірік Молдашев, Кәдіржан Хасенханов, Нағашыбай Алпысов, Бақытжан Сәуекенов сынды өнерпаздар арамызда жүр. Торғайда Қазақстанның халық ақыны Нұрхан Ахметбековтың пәтер-мұражайы жұмыс істейді. Кезінде мұражайға

жетекші болып Тұрағал Нұрхан келіні Рахымова ақынның сирек кездесетін қолжазба, тұстастарымен алысқан хаттарын, жеке мүліктерін жинақтап, сақтаған болатын. Тұрағал апай ақын атасының, өзінің жары Мәлікзада ортасының қызықты кезеңдері, өнерпаз ордасы туралы әңгімелеуден жалықпайтын.

Арқаның ақиық ақыны, Жамбыл атындағы республикалық сыйлықтың лауреаты Нұрхан Ахметбеков аты аңызда, өлеңі ауызда қалған арқалы ақынның бай қазынасы халқымен бірге жасай бермек, болашақ ұрпақ кәдесіне жарары сөзсіз. Халықтың өшпес мұрасы ауыз әдебиеті үлгісін жазба әдебиеті жаңашылдығымен шебер жалғастырған Нұрхан жыр мұрасы елдің рухани қазынасының үздік бөлшегі екені сөзсіз. Ақынның ең жақын серіктерінің бірі қарт жырау Ахметхан Әбіқаевтың зирек зердесі сақтауымен бүгінге жеткен топжарған ақын Нұрханның соңғы бір жыр шумақтары зор мағына ұқтырғандай:

Жасымда жаннан асқан алып болдым,
Жеріме барам деген барып болдым.
Тағдырдың тауқыметі амал бар ма,
Келгенде жас алпысқа кәріп болдым.
Осы шумақтар Нұрхан ақынның күрделі өмір жолының, шырқау шыңы шығармашылық өнер жолының, белестерінен көрініс бергендей болады. Бұл шумақта қиын тағдыр тауқыметімен қоса, халықтың мұңы мен қуанышын жырға қосқан, ел игілігі үшін барша ғұмырын арнаған. Ақын ағанын асқақ армандары жатқандай.

Академик Серік Қирабаев 1999 жылғы 16 шілдеде «Егемен Қазақстан» газетінде «Әдебиет мәселесі» деген айдармен басылған «Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті: дәуірлеу мен жаңаша пайымдау» атты көлемді мақаласында: «Бүгін Социалистік қоғам жоқ. Бірақ адам әрқашан ілгері қарап, өзінің тәуелсіздігі, жақсы өмір үшін күресінен жаңылмайды. Сондықтан әдебиетте жақсылық жолындағы ізденісін өркендете бермек. Адамның осы жолдағы еңбегі мен күресін жырламақ. Қазіргі қазақ әдебиеті де осындай жол айрығында тұр. Кеңестік әдебиет дәстүрі оған белгілі дәрежеде сабақ болары да сөзсіз. Жақсысынан үйреніп, жаманынан жирену үшін де оның өткен жолын білу, құндылықтарды танып алып пайдалану қажет»... - деп атап көрсетеді. Олай болса, тәуелсіздігіне қолы жеткен халқымыздың рухани өркендеуіне Нұрхан Ахметбековтың де артына қалдырған мол мұрасы ел кәдесіне жарары анық, ақынның шығармашылық мұрасында үйренерлік жақсылығы жетерлік, құндылықтары басым.

Ақын халқымен бірге жасайды, жырлары ғасырлар асқарынан өтіп, уақыт шыңына көмілмей, жарық жұлдыздай оқыла бермек.

Ардақ АБДУЛЛИНА

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі, АрқПИ Құрметті профессоры